

**Г.А. Абдулина<sup>1\*</sup>**  
PhD, профессор  
Нархоз Университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
E-mail: [gulnar.abdullina@narхоз.kz](mailto:gulnar.abdullina@narхоз.kz)

**Б.А. Абдулина<sup>1</sup>**  
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім  
беру бағдарламасының докторанты  
Нархоз Университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
E-mail: [bayan.abdulina@narхоз.kz](mailto:bayan.abdulina@narхоз.kz)

**А.Ж. Болтаева<sup>2</sup>**  
аға оқытушы  
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
E-mail: [aigul\\_b\\_kz@mail.ru](mailto:aigul_b_kz@mail.ru)

## АЙМАҚТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ДАМУЫ

**Аңдатпа:** Мақала аймақтағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің даму бағыттарын зерттеуге арналған. Заманауи жағдайда көптеген елдер мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің ұлттық тұжырымдамасын іске асыру қажеттілігіне жүгінуде, бұл тұрғыда ол әлемдік дағдарыс жағдайында ел экономикасының тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының бірі екендігін айғақтап отыр. Технологиялық және әлеуметтік прогреске байланысты экономикалық процестердің күрделене түсуі ынтымақтастықтың жоғары деңгейін және әлеуметтік дамудың жаңа деңгейіне жету үшін ресурстарды біріктіруді талап етеді, бұл тұрғыда МЖӘ икемді үлгі ретінде халықтың әл-ауқаты мен өмірін сақтау сияқты маңызды міндеттерді шешуде өте маңызды. Қаржылық-экономикалық дағдарыс ауыртпалығы бар қазіргі заманғы жағдайларда МЖӘ-ні дамытуға байланысты мәселелердің күрделілігі ғылымның алдына болып жатқан жағдайды жаһандық теориялық-әдіснамалық ұғыну мәселесін қойып отыр. Зерттеу аясындағы жинақталған мәліметтер топтастырылып, мемлекеттік жекешелік әріптестік бойынша жобалардың орындалуына қандай жағдайлардың кедергі келтіретіндігі және олардың тиімді жүзеге асырылуы бойынша қандай шаралар маңызды екендігі жөніндегі ақпарат жүйелендірілді. Зерттеу нәтижелері бойынша авторлар тарапынан әзірленген нақты ұсыныстар ел экономикасы, соның ішінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды механизм ретінде табылып отырған мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тиімді ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуына бағытталған.

**Түйін сөздер:** мемлекет, аймақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, басқару, жоба.

### ■ Кіріспе


Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) үкіметтің қаржылық тапшылығын азайтуға және инновацияны басқаруға немесе тиімділікті арттыруға бағытталған, өз кезегінде, принципал-агент қатынасын білдіреді [1]. МЖӘ қабылдауда мемлекеттік қаржыға қысым маңызды рөл атқарады, өйткені қарызы немесе тапшылығы жоғары елдер басқа елдерге қарағанда МЖӘ-ні көбірек пайдаланады [2].

МЖӘ мақсаты: Қоғамдық тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін ресурстарды біріктіру арқылы мемлекет пен жеке сектор арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыру және нығайту.

«МЖӘ бренді» әртүрлі мүмкіндіктерді ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар, оны дамытуда мемлекеттік саясаттан көп тәжірибені қажет етеді [3]. Бүгінгі таңда шектеулі бюджеттік

қаражат жағдайында МЖӘ Үкіметтің, өңірлердің және бизнестің өзара тиімді шарттарда ұзақ мерзімді ынтымақтастығын құру арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырудың нақты баламасы болып отыр. МЖӘ елімізде экономиканың барлық салаларында жүзеге асырылады.

Еліміздегі қаңтар оқиғасының салдары, сонымен қатар, Covid – 19 Пандемиясы мен Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстың нәтижесіндегі соғыс ел экономикасы мен мемлекеттік бюджетке әдәуір теріс әсерін тигізуде. Қазақстанның экономикасы мен қоғамы үшін COVID-19 пандемиясы бұрын-соңды болмаған сынаққа айналды [4]. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар жылдық экономикалық өсуге айтарлықтай әсер етпесе де, экономикалық белсенділік уақытша және жекелеген өңірлерде бұзылды. Соның ішінде Алматы қаласында төтенше жағдай жариялануы да бейбіт халықтың, ғимараттардың, бизнестің зардап шегуімен байланысты болғаны мәлім (1-сурет). Осы жағдайларға байланысты бұзылған келісімшарттардың саны артты, сондай-ақ МЖӘ жобаларын уақтылы және толық іске асыру тәуекелдері артты.



**1-сурет.** МЖӘ дамуына әсер ететін оқиғалар

*Ескерту: авторлар құрастырған*

Зерттеуде Алматы қаласының МЖӘ жүйесі оны инфрақұрылымды дамыту және экономикалық өсу үшін күшті катализатор ететін талаптарды анықтау үшін талданады. Біздің зерттеуіміз МЖӘ-нің аймақта енгізуін бағалауға бағытталған. МЖӘ жобаларының даму жағдайын анықтау басқару теориясына негізделген.

## ■ Негізгі бөлім

### ■ Әдеби шолу

Лю және т.б. [5] жобаға қатысатын мекемелер мен ұйымдардағы тиімді басқару МЖӘ табысты өмірлік циклі үшін өте маңызды екенін түсіндірді. Жақында үкімет тұжырымдамасы жаңа жаһанданған әлемдік басқару формасына араласу үшін тағайындалған үкімет сапасы, тиімділігі және жақсы көшбасшылығымен танымал болды. Заман талабына сай, үкімет жаңа басқару стилін жүзеге асыра бастады, яғни жеке сектор мен мемлекеттік сектор синергиясы. Өйткені, МЖӘ жобаларын жүзеге асыруды жаңа басқару стилінсіз мүмкін емес. Яғни, үкімет тек басқарып ғана қоймайды, басқа да жақтарды шешім қабылдауға араластырады және олардың ойларымен де санасады. МЖӘ енгізу жүйелі басқаруды немесе жеке ішкі жүйелерден тыс ойлау мен әрекетті қамтитын күштерді талап етеді. Ол қажетсіз жанама әсерлерді болдырмау және тиімді үйлестіру тетіктерін жасау үшін жасалады [6]. МЖӘ талаптарының, оның ішінде, келісімшарт талаптарының сақталмауымен және жақсы басқару мен үкімет әлеуетінің болмауы МЖӘ жобаларының көпшілігінің сәтсіздігіне әкелді [7]. Басқару теориясы бойынша, үкіметтегі саяси көшбасшылықтың тәртіп орнатуға және директивалар шығаруға бағытталған күшті тенденциясы бар, нәтижесінде, үкімет МЖӘ-ге кіріспейді немесе қаржыландырылуы дұрыс емес сәтсіз жобаларды жүзеге асырады [8]. Экономикалық және саяси өзара іс-қимылдың ойын ережелерін белгілейтін институттардан бастап, мемлекеттік сектор органдарының көптеген аспектілерін қозғай отырып, жақсы басқару тәжірибесін жетілдіру қажет.

### ■ Әдістер


Зерттеу Қазақстанның бір аймағының мысалында Алматы қаласында жүргізілді. Зерттеуде сапалық әдіс қолданылды. Алматы қаласындағы МЖӘ-нің дамуын бағалау үшін, әртүрлі деңгейлердегі және әртүрлі секторлардағы МЖӘ жобаларына немесе бағдарламаларына қатысқан немесе белсенді түрде қатысатын мүдделі тараптардан сұхбат алынды. Сұхбат жұртшылықтың екі өкілі, жеке сектордың екі өкілі, жобалар бойынша екі кеңес беруші сарапшы маман және қаржы институтының бір мүшесімен жүргізілді. Бай тәжірибесі бар және қатысуға дайын респонденттер сапалы сұхбат берді. Жеті респонденттің орташа жұмыс өтілі 6-7 жыл болды. Барлық респонденттер жоғары білімді, оның ішінде 2-і PhD докторлары. Әр сұхбат 45 минуттан 90 минутқа дейін созылды. Респонденттердің жауабы 1-кестеде берілген.

**1-кесте.** «Қазіргі таңдағы Алматы қаласындағы МЖӘ даму жағдайы» сұрағы бойынша респонденттердің жауабы

Алматы қаласындағы МЖӘ даму жағдайы	
1-ші респондент	Қағаз жүзінде жобалар көп, іс жүзінде аз.
2-ші респондент	Алматы қаласындағы МЖӘ даму жағдайын егер 5 балл бойынша бағаласақ, 3-ке бағалаймын.
3-ші респондент	Жүзеге асырылуға жоспарланып жатқан Асфендияров больницасын МЖӘ жобасы деп айтуға болады, ЛРТ жобасы өкінішке қарай, тоқтатылды.
4-ші респондент	Естуім бойынша Алматыда МЖӘ жобаларының саны өсуде.
5-ші респондент	Алматы қаласында Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласында жақсы жұмыстар жүргізіліп жатыр.
6-шы респондент	Нақты Алматы қаласына келетін болсақ, басқа өңірлермен салыстырғанда МЖӘ проекттері аз
7-ші респондент	Мен жоғарғы баға берер едім. Неге? Өйткені, қазіргі кезде механизмдермен жасалып жатқан МЖӘ жобалар жақсы жағынан көрініп жатыр деп айтсақ болады

Алматы аймағында сұхбат респонденттерінің басым бөлігі МЖӘ-нің дамыған салалары әлеуметтік сала мен білім беру саласы деп жауап берді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, респонденттердің бұл жауабы расталып отыр (2-сурет).



Ескерту: [9]

**2-сурет.** Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салалар бойынша Алматы аймағындағы жобаларының үлесі, 2020 ж.

МЖӘ жобаларының жартысынан астамы білім беру саласында шоғырланған – бұл мектептер, балабақшалар мен балаларды дамыту орталықтарының құрылысы. Бұл саланың өзінің бір ерекшелігі бар, сондықтан бұл жобаларға осы сала лайықты. Covid-19 пандемиясы – дүниежүзілік факторның әсерінен әзірше тоқтап қалған шығар, жалпы бұл факторды есептемесек, білім саласы МЖӘ үшін сәтті және тиімді деп ойлаймын» – деді басқа респондент. Ал кейбіреуі Алматы әкімі әлеуметтік саладағы (ауруханалар, медициналық пункттер, тротуарлар салу және т.б.) және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесіндегі МЖӘ жобаларын дамытуға баса назар аударып отыр деді.

**2-кесте.** «МЖӘ мемлекеттік қолдау бар ма? Мемлекет жақсы серіктес пе?» сұрағы бойынша респонденттердің жауабы

МЖӘ мемлекеттік қолдау бар ма? Мемлекет жақсы серіктес пе?	
1-ші респондент	Бізде жақсы жобалар бар, бірақ өкінішке қарай мемлекет өзін нашар серіктес ретінде көрсетеді. Мысалға, ЛРТ Алматы жобасы, конкурстың 1-ші кезеңінен кейін, қала әкімшілігі конкурс ортасында бізге мұндай жоба қажет емес деген шешім қабылдайды.
2-ші респондент	Ия, мен ойлаймын, бұл жобада негізгі инициатива мемлекет жақтан болғандықтан барлық қажетті ережелер, регламенттер, мысал ретінде жобаға қатысты ерекшеліктердің барлығы осы мемлекетке тиісті және ол әзірлеу керек!
3-ші респондент	Мемлекет жақсы ықпал етіп жатыр
4-ші респондент	Иә, мемлекетті тиімді серіктес деп санауға болады!

## МЖӘ мемлекеттік қолдау бар ма? Мемлекет жақсы серіктес па?

5-ші респондент	Қазір МЖӘ орталығының болуына байланысты, дәлірек айтсақ сол мекеменің нақты жұмыс істеуіне байланысты мемлекет тарапынан МЖӘ қатысты операциялар дұрыс ұйымдастырылған деп айтуға болады.
6-шы респондент	Басшылардың табандылығы мен мемлекеттік органдардың құзыреттілігіне байланысты.
7-ші респондент	Басшылар мен мамандардың білімі мен біліктілігіне және жұмыс тәжірибесіне байланысты.

**3-кесте.** «Аймақтағы МЖӘ мәселелері қандай?» сұрағы бойынша респонденттердің жауабы

## Аймақтағы МЖӘ мәселелері қандай?

1-ші респондент	Дәл қазір Қазақстанда бюрократияның кесірінен көптеген жақсы жобалар жүзеге аспай жатыр
2-ші респондент	МЖӘ жобаларын рәсімдеу кезеңдерінің ұзақтығы
3-ші респондент	Инвестордың құқығын қорғайтын, оларға кепілдік беретін, инвесторлық тәуекелдер
4-ші респондент	Пандемия кезінде жеке кәсіпкерлік кәдімгідей қатты әлсіреп, жалпы экономикаға әсер бергенін жалпы өзіміз білеміз. Кәсіпкерлік белсенділігі төмендеді деген статистикалық мәліметтер бар.
5-ші респондент	Білікті мамандар жетіспеушілігі
6-шы респондент	Коронавирус пайда болды, форс-мажор ғой, артынша экономикалық күйзеліс келді. Көп заттар қымбаттап кетті. Мысалы, шетелден келетін материал жетпей қалды, сол кезде жоба тоқтап қалды. Жоба тоқтаса да, жұмысшылардың еңбекақысы жүріп жатыр, өйткені сенде адамдармен келісілген келісімшарт бар, ал жоба тоқтап тұр, сол кезде жоба шығынға ұшырайды да, жоба біржола тоқтайды.
7-ші респондент	Жабық келісімдер, коррупция

Зерттеу аясындағы жинақталған мәліметтердің барлығы дерлік топтастырылып, мемлекеттік жекешелік әріптестік бойынша жобалардың орындалуына қандай жағдайлардың кедергі келтіретіндігі және олардың тиімді жүзеге асырылуы бойынша қандай шаралар маңызды екендігі жөніндегі ақпарат жүйелендірілді.

### ■ Нәтижелер

МЖӘ жобаларының Алматы аймағындағы дамуын зерттей келе, қазіргі таңдағы өзекті мәселелерге тоқталатын болсақ.

► МЖӘ жобалары бойынша ақпараттың қол жетімсіздігі. Өкінішке орай, нақты МЖӘ жобаны толық және ашық бақылауға мүмкіндік беретін жергілікті деңгейде барлық құрылыс нысандары бойынша жоспарлау кезеңінен бастап нақты пайдалануға беруге дейін толық ақпарат жоқ. Осы орайда, МЖӘ жобасының көрсеткіштері мен жоспарланған нәтижелерін де бақылау мүмкін емес.

► МЖӘ саласындағы білікті мамандар тапшылығы. Аумақтарда білікті мамандар тапшылығынан, көп жағдайда «мемлекеттік сатып алу» жобалары МЖӘ статусына ие болып жатады. Оның салдары МЖӘ жобаларының сапасының төмендеуіне әкеп соғады.

► МЖӘ-тік туралы халықтың хабарсыздығы. «МЖӘ түсінігі» ел ішінде қалыптаспағандықтан, жергілікті отандық инвесторлардың МЖӘ жобаларына қатысу көрсеткіші төмен.

Сонымен қатар, халықтың тұрмыс-деңгейін 2030 жылға дейін көтеру мақсатында қойылған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жетуде де өзекті [10].

**4-кесте. «Аймақтағы МЖӘ-ні дамыту үшін күтілетін іс-шаралар» бойынша респонденттердің жауабы**

Аймақтағы МЖӘ-ні дамыту үшін күтілетін іс-шаралар	
1-ші респондент	Заңнаманың кейбір тұстарын туралау. МЖӘ дамытуда арнайы мемлекеттік стратегияның болуы
2-ші респондент	МЖӘ жобаларын рәсімдеу уақытын қысқарту шаралары
3-ші респондент	Ақпараттық жағынан, біріншіден, қандай жобалар бар және әр кәсіпкерге оған қатысуға қандай мүмкіншілік береді, оған қалай қатысуға болады? Мысал ретінде ақшам жетпесе, қаржыландыруды қайдан алуға болатынына ақпарат алатындай ақпаратпен қамтамасыз ету
4-ші респондент	Инвесторларды тартуға бағытталған іс-шараларды қолға алу
5-ші респондент	МЖӘ жобаларының тиімділігін арттыру үшін, автоматизациялау қажет және қаржылық сауаттылық болу керек. Жобаға қатысушы екі жақтың да, заң жүзіндегі сауаттылығы болуы керек. Сондықтан, консультациялар көмектесулер болу керек
6-шы респондент	Бюрократиялық кедергілерді азайту, конкурстардан өтудегі ашықтық
7-ші респондент	Ашық түрде қай форматта болса да, кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін ашық түрде ақпарат берілсе

**■ Қорытынды**

Қорыта келе, МЖӘ жобаларын дамыту аймақтың әлеуметтік және экономикалық хал-ахуалын көтеруде өзекті. Осы орайда, болашақта күтілетін қажетті іс-шараларға тоқтала кетсек:

- ▶ МЖӘ жобаларының сапасын арттыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейту мақсатында осы саланы цифрландыру.
- ▶ МЖӘ заңнамасының халықаралық стандарттарға сәйкес сәйкестендірілуі.
- ▶ МЖӘ халық арасында популизациялау арқылы жергілікті инвесторларды тарту және халықтың қалауымен санасу.
- ▶ Сапасыз МЖӘ жобаларын болдырмау мақсатында, МЖӘ жобаларының деңгейі мен бастамасына қарамастан, МЖӘ жобаларының барлық кезеңдерін бақылауға алатын ұйымның болуы.
- ▶ Алматы аймағында жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін МЖӘ жобаларын басқарудың халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңа талаптарын енгізу.
- ▶ МЖӘ дамытуда арнайы мемлекеттік стратегияның болуы.

Аталмыш шаралар ел экономикасы, соның ішінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды механизм ретінде табылып отырған мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тиімді ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуына бағытталып отыр.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Soomro, M. A., & Zhang, X. Roles of private-sector partners in transportation public-private partnership failures // Journal of Management in Engineering, 2015. – p.31, 04014056  
 2. Jordi Rosell & Angel Saz-Carranza. Determinants of public-private partnership policies //Public Management Review, 2020. – p.22:8, 1171-1190. <https://doi.org/10.1080/14719037.2019.1619816>

3. Hodge, G., Greve, C. and Boardman, A. Public-Private Partnerships: The Way They Were and What They Can Become // Australian Journal of Public Administration, 2017. – 76. – p.273-282. <https://doi.org/10.1111/1467-8500.12260>
4. OECD. Стратегия развития компетенций ОЭСР в Казахстане, оценка и рекомендации, ОЭСР – Исследование компетенций взрослых, OECD. Paris, 2021. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.oecd.org/skills/centre-for-skills/OECD-Skills-Strategy-Kazakhstan-Russian.pdf>
5. Liu, J., Love, P. E. D., Smith, J., Regan, M., & Davis, P. R. (2015). Life cycle critical success factors for public-private partnership infrastructure projects. Journal of Management in Engineering – 31(5), 04014073
6. Ismail, S. (2014). Driving forces for implementation of public private partnerships (PPP) in Malaysia and a comparison with the United Kingdom. Journal of Economic and Administrative Sciences, 30, – p. 82-95.
7. Osei-Kyei, R., & Chan, A. P. (2016). Developing transport infrastructure in Sub-Saharan Africa through public-private partnerships: policy practice and implications. Transport Reviews, 36(2), – p.170–186
8. Stoker, G. (1998). Governance as theory: Five propositions. International Social Science Journal, 50(155), – p.17-28.
9. Официальный сайт Казахстанского центра государственно-частного партнёрства. [Электронный ресурс]. URL: <http://kzppp.kz>.
10. Организация объединенных наций Рамочная программа сотрудничества в целях устойчивого развития, страна Казахстан 2021-2025 годы, 12 августа 2020г.// <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2020-12.pdf>

#### REFERENCES:

1. Soomro, M. A., & Zhang, X. Roles of private-sector partners in transportation public-private partnership failures // Journal of Management in Engineering, 2015. – p.31, 04014056
2. Jordi Rosell & Angel Saz-Carranza. Determinants of public-private partnership policies // Public Management Review, 2020. – p.22:8, 1171-1190. <https://doi.org/10.1080/14719037.2019.1619816>
3. Hodge, G., Greve, C. and Boardman, A. Public-Private Partnerships: The Way They Were and What They Can Become // Australian Journal of Public Administration, 2017. – 76. – p.273-282. <https://doi.org/10.1111/1467-8500.12260>
4. OECD. Strategija razvitija kompetencij OJeSR v Kazahstane, ocenka i rekomendacii, OJeSR – Issledovanie kompetencij vzroslyh, OECD. Paris, 2021. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.oecd.org/skills/centre-for-skills/OECD-Skills-Strategy-Kazakhstan-Russian.pdf>
5. Liu, J., Love, P. E. D., Smith, J., Regan, M., & Davis, P. R. (2015). Life cycle critical success factors for public-private partnership infrastructure projects. Journal of Management in Engineering – 31(5), 04014073
6. Ismail, S. (2014). Driving forces for implementation of public private partnerships (PPP) in Malaysia and a comparison with the United Kingdom. Journal of Economic and Administrative Sciences, 30, – p. 82-95.
7. Osei-Kyei, R., & Chan, A. P. (2016). Developing transport infrastructure in Sub-Saharan Africa through public-private partnerships: policy practice and implications. Transport Reviews, 36(2), – p.170–186
8. Stoker, G. (1998). Governance as theory: Five propositions. International Social Science Journal, 50(155), – p.17-28.
9. Oficial'nyj sajt Kazahstanskogo centra gosudarstvenno-chastnogo partnjorstva. [Elektronnyj resurs]. URL: <http://kzppp.kz>.
10. Organizacija ob#edinennyh nacij Ramochnaja programma sotrudnichestva v celjah ustojchivogo razvitija, strana Kazahstan 2021-2025 gody, 12 avgusta 2020g.// <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2020-12.pdf>

## РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В РЕГИОНЕ

**Абдулина Г.А.<sup>†\*</sup>**  
 PhD, профессор  
 Университет Нархоз  
 г. Алматы, Казахстан  
 E-mail: [gulnar.abdullina@narhoz.kz](mailto:gulnar.abdullina@narhoz.kz)

**Абдулина Б.А.<sup>1</sup>**  
 докторант ОП «Государственное и местное  
 управление»  
 Университет Нархоз,  
 г. Алматы, Казахстан  
 E-mail: [bayan.abdulina@narhoz.kz](mailto:bayan.abdulina@narhoz.kz)

**Болтаева А.Ж.<sup>2</sup>**  
 старший преподаватель  
 КазНУ имени аль-Фараби  
 г. Алматы, Казахстан  
 E-mail: [aigul\\_b\\_kz@mail.ru](mailto:aigul_b_kz@mail.ru)

***Аннотация:** Статья посвящена исследованию направлений развития государственно-частного партнерства в регионе. В современных условиях многие страны обращаются к необходимости реализации нацио-*

нальной концепции государственно-частного партнерства, что свидетельствует об одном из важнейших инструментов повышения эффективности экономики страны в условиях мирового кризиса. Усложнение экономических процессов, связанных с технологическим и социальным прогрессом, требует высокого уровня сотрудничества и объединения ресурсов для достижения нового уровня социального развития, в этом контексте ГЧП как гибкая модель имеет решающее значение для решения таких важных задач, как сохранение благосостояния и жизни населения. Сложность вопросов, связанных с развитием ГЧП в современных условиях, отягощающихся финансово-экономическим кризисом, ставит перед наукой вопрос глобального теоретико-методологического осмысления происходящей ситуации. Собранные данные в рамках исследования были сгруппированы, а также систематизирована информация о том, какие условия препятствуют реализации проектов государственно-частного партнерства и какие меры важны для их эффективной реализации. Конкретные предложения, выработанные авторами по результатам исследования, направлены на эффективную организацию и осуществление государственно-частного партнерства, являющегося важным механизмом в экономике страны, в том числе в социально-экономическом развитии региона.

**Ключевые слова:** государство, регион, государственно-частное партнерство, управление, проект.

## DEVELOPMENT OF PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP IN THE REGION

**Abdulina G.A.<sup>1</sup>\***

PhD, professor  
Narxoz University  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: gulnar.abdullina@narxoz.kz

**Abdulina B.A.<sup>1</sup>**

Doctoral student of the EP «State and local  
administration»  
Narxoz University  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: bayan.abdulina@narxoz.kz

**Boltaeva A.Zh.<sup>2</sup>**

senior lecturer  
Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: aigul\_b\_kz@mail.ru

**Abstract:** *The article is devoted to the study of the directions of development of public-private partnership in the region. In modern conditions, many countries are turning to the need to implement the national concept of public-private partnership, which indicates one of the most important tools for improving the efficiency of the country's economy in the context of the global crisis. The increasing complexity of economic processes associated with technological and social progress requires a high level of cooperation and the integration of resources to achieve a new level of social development, in this sense, PPP, as a flexible model, is very important in solving such important tasks as preserving the well-being and life of the population. The complexity of issues related to the development of PPP in modern conditions, burdened by the financial and economic crisis, poses the question of a global theoretical and methodological understanding of the current situation to science. The collected data in the framework of the study were grouped, as well as systematized information about what conditions hinder the implementation of public-private partnership projects and what measures are important for their effective implementation. The specific proposals developed by the authors based on the results of the study are aimed at the effective organization and implementation of public-private partnership, which is an important mechanism in the country's economy, including in the socio-economic development of the region.*

**Keywords:** state, region, public-private partnership, management, project.